

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ
ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 6-кіреберіс
тел: 8 (7172) 74-36-03

010000, город Нур-Султан, пр. Мәңгілік ел, 8
Дом Министерств, 6 подъезд
тел: 8 (7172) 74-36-03

№ _____

**Қазақстан Республикасының Парламенті
Мәжілісінің депутаттары, «Ақ жол»
демократиялық партиясының фракциясы
мүшелері С.Ерубасев, А.Перуашев,
А.Әбілдаев, Е.Барлыбаев, Б.Дүйсенбинов,
Д.Еспаева, А.Жұмабаева, Қ.Иса, А.Линник,
Е.Өмірғали, М.Раманқұлов, А.Сембиновқа**

2021 жылғы 4 ақпандағы № ДС-33 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі - *Министрлік*) жолдаған депутаттық сауалды өз құзыреті шегінде қарап, келесіні хабарлайды.

Депутаттық сауалда көрсетілген кейбір компаниялардағы жағдай бойынша.

Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ел аумағындағы кәсіпорындарындағы әлеуметтік-еңбек жағдайына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

Ағымдағы жылдың 25 қаңтарында вахталық кент аумағындағы «КМК-Мұнай» АҚ жұмысшылары компания басшылығына жалақыны 100%-ға арттыру, вахталық әдіспен жұмыс істейтіндердің тұрмыстық жағдайларын жақсарту талаптарымен жүгінді.

Ақтөбе облысы әкімінің тапсырмасы бойынша облыс әкімінің орынбасары С.Ш. Бекбергеновтің төрағалығымен жұмыскерлердің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия құрамына еңбек инспекциясы басқармасының, индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшылары, сондай-ақ Темір ауданы әкімдігінің (кен орны Темір ауданында орналасқан) және аудан прокуратурасының өкілдері кірді.

Ағымдағы жылдың 29 қаңтарында жүргізілген келіссөздер нәтижесінде, жұмыс беруші «КМК-Мұнай» АҚ қызметкерлерінің жалақысын 2021 жылдың

1 қаңтарынан бастап лауазымдық жалақыдан 20%-ға арттыру және жұмысшылардың тарифтік разрядтарын арттыру туралы бұйрық шығарды.

Сонымен қатар еңбек шарттарының мерзімі ағымдағы жылы аяқталатын қызметкерлермен еңбек шарттарын белгісіз мерзімге ұзарту жүргізілетін болады.

Қазіргі уақытта еңбек қақтығысы реттелді, жағдай тұрақтанды.

«АМК Мұнай» ЖШС-і «Ада Ойл фирмасы» ЖШС-нің аумағында мердігерлік жұмыстарды жүзеге асырады, бұл ретте құрылтайшылар және басшылық құрам Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады және де компанияда шетелдік жұмыс күші тартылмаған.

Ағымдағы жылдың 29 қаңтарында вахталық кент аумағындағы «АМК-Мұнай» ЖШС-нің жұмысшылары компания басшылығына еңбекақыны көтеру талаптарымен жүгінді.

Қалыптасқан жағдайды шешу үшін тепе-теңдік негізде татуластыру комиссиясы құрылды. Комиссия құрамына жұмыс беруші мен жұмыскерлер тарапының өкілдері кірді.

2021 жылдың 30 қаңтарында «АМК-Мұнай» ЖШС-і жұмыскерлерінің жалақысын арттыру туралы келісімге қол жеткізілді (*ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап жалақыға 40 000 теңгеден есептеу және Наурыз мейрамына қызметкерлердің еңбекақысынан 50% мөлшерінде сыйлықақы беру жоспарлануда*).

Еңбек дауы шешілді, жұмыскерлер өз міндеттеріне кірісті.

Ағымдағы жылдың 2 ақпанында вахталық кент аумағында «Биккор» ЖШС-нің 40-қа жуық қызметкері кәсіпорын әкімшілігі өкілдерімен жалақыны 100 000 теңгеге дейін көтеру, сондай-ақ кәсіподақ ұйымын құру туралы талаптармен кездесті.

«Биккор» ЖШС-нің басшылығы тарифтерді көтеру мақсатында қосымша мүмкіндіктерді қарастыру үшін тапсырыс берушінің атына «СНПС-АМГ» АҚ-ға жазбаша өтініш енгізді.

Қазіргі уақытта енгізілген ұсыныс «СНПС-АМГ» АҚ басшылығымен қаралуда.

Аталған мәселелер Министрліктің және Ақтөбе облысы әкімдігінің жіті бақылауында.

Шетелдік жұмыс күшін тартатын кәсіпорындардағы жағдай бойынша.

2020 жылы шетелдік жұмыс күшін тартатын квотаны қалыптастыру тәртібін жетілдіру мақсатында Шетелдік жұмыс күшіне квота белгілеу қағидаларына (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 802 қаулысы*) функцияларды Қазақстан Республикасының Үкіметі деңгейінен уәкілетті орган деңгейіне беру бөлігінде тиісті түзетулер енгізілді.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар беру қағидаларына (*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 559 бұйрығы*) қазақстандық азаматтар меңгерген кәсіптер мен мамандықтар бойынша шетелдік жұмыс күшін тарту тәртібін қатандату бөлігінде өзгерістер енгізілді, оның ішінде:

- шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар беруді қарау және шешімдер қабылдау кезінде комиссияның жұмысын күшейту (*міндетті бейне/аудио енгізу*);

- шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беруден бас тарту үшін негіздерді кеңейту (*жұмыс берушінің төртінші санат бойынша шетелдік жұмыс күшін алмастыру міндеттемесін орындамауы; рұқсатта көрсетілген кәсіптер мен мамандықтарға сәйкес келмейтін кәсіптер мен мамандықтар бойынша шетелдік жұмыскерді тартқан жағдайда*);

- төртінші санат бойынша рұқсат беру кезінде жұмыс беруші алты айдан бір жылға дейін шетелдік жұмыскерлерді бірдей лауазымдар бойынша қазақстандық азаматтармен алмастыруды жүзеге асырады (*Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 138 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 сәуірде № 20429 тіркелген*).

Сонымен қатар ішкі еңбек нарығын қорғауды күшейту мақсатында 2021 жылға шетелдік жұмыс күшін тартуға квота жұмыс күшіне 0,31% немесе 29,3 мың бірлік мөлшерінде бекітілді.

Қазіргі уақытта шетел жұмыс күшін тартатын жұмыс берушілерде 463 077 қазақстандық азамат жұмыс істейді, бұл жұмыскерлердің жалпы санының 96 % құрайды (*жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 14 384 шетелдік азамат еңбек қызметін жүзеге асырады*).

Квотаны қысқарту ішкі еңбек нарығын біліктілігі төмен ШЖК-дан қорғауға, қазақстандық кадрларды жұмысқа орналастыруға, сондай-ақ жұмыс берушілердің білікті шетелдік жұмыс күшіне сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Осымен бірге жоғарыда көрсетілген шаралар аясында шетелдік жұмыс күшін тартатын кәсіпорындарда еңбек заңнамасының бұзылу фактілерінің төмендеуі байқалуда.

Атап айтқанда 2020 жылы мемлекеттік еңбек инспекторларымен 30-дан аса шетелдік жұмыс күшін тартатын 77 кәсіпорынға тексерулер жүргізілді.

Тексеру қорытындысымен жұмыс берушілерге 134 нұсқама берілді, 62 әкімшілік іс қозғалып, 22,8 млн. теңге мөлшерінде айыппұл салынды.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде шетелдік жұмыс күшін тартатын 32 рұқсаттама қайтарылып алынды.

Талдау көрсетіп отырғандай 2020 жылдың қорытындысы бойынша 2019 жылдың көрсеткіштеріне қарағанда еңбек және көші-қон заңнамасын бұзу көрсеткіші 1006-ден 754-ға, еңбек төлеміндегі айырмашылықтардың саны 479-дан 1-ге төмендеді.

Мемлекет Басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде (*2019 жылғы 4 маусымдағы № 19-01-7.22 тапсырмасының № 1.3 тармағы, 2019 жылғы 15 қазандағы № 19-61-27.1 4-тармағы*) шетелдік және жергілікті жұмысшылар арасындағы шетелдік еңбекке ақы төлеу диспропорциясын жақсарту үшін келесі шаралар қабылданды.

Шетелдік жұмыс күшін тарту квотасын 40% қысқартылды.

2020 жылғы шетелдік жұмыс күшін тарту квотасын 29 292 бірлікті қамтыды (2019 жылда – 48 700 бірлік) (ҚР ЕХӘҚМ 2020 жылғы 12 тамыздағы № 300 бұйрығымен бекітілген).

2020 жылғы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың рұқсаттарына сәйкес, Қазақстан аумағында 1,7 мың кәсіпорында шетелдік азаматтарға еңбек қызметін жүзеге асыруға 15 832 рұқсат бар, олардың 81%-білікті мамандар (1-3 санаттар), 6%-ы білікті жұмысшылар (4 санат), 10%-ы маусымдық шетелдік жұмысшылар.

4-санаттағы (жұмысшы мамандықтары) шетелдік жұмыс күшін тарту бойынша міндеттемелерді белгілеу үшін шетелдік жұмыс күшіне квота белгілеу ережелері және рұқсат беру ережелері қайта қаралды, сонымен қатар кадрларды жергілікті аумақтардан қамтуға қатаң талаптар қойылды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 559 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазіргі таңда, аталған бағыт бойынша жұмыстар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп өз жалғасын табуда.

Еңбек заңнамасының бұзылуына жол бермеу, сондай-ақ кәсіпорындарда еңбек дауын бұдан әрі болдырмау жөніндегі шаралар бойынша.

Жоғарыда аталған мәселелер Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Е.Ж. Қошановтың төрағалығымен өткізілген Республиканың жедел штаб отырысында, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановтың төрағалығымен өткізілген жиналыста, сондай-ақ, менің төрағалығыммен облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдері орынбасарларының қатысуымен өткізілген еңбек қатынастарының кейбір мәселелері туралы жиналыста талқыланды және мүдделі мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берілді.

Елдегі еңбек саласындағы әлеуметтік шиеленістерге жол бермеу, орын алған жағдайда шұғыл әрекет ету мақсатында, Министрлікке және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға келіп түсетін жұмыскерлердің, кәсіподақтардың өтініштеріне, жедел құзыретті органдардың, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдардың ақпараттарына талдау жүргізу үшін Ахуалдық орталық құрылды.

Ахуалдық орталықтың жұмыс процесі автоматтандырылып, оған мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қосылды.

Бүгінгі күні, Ахуалдық орталықтың талдауында 109 проблемалық кәсіпорын енгізілген, оның 44-ы ықтимал еңбек дауларының тәуекелдері бар кәсіпорындар ретінде тіркеліп, 22 кәсіпорынның еңбек саласындағы мәселелері жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасында келісімге келу арқылы шешілді.

Қалған кәсіпорындар бойынша алгоритм шеңберінде еңбек жанжалдарын болдырмау жөніндегі тиісті жұмыстар жасалуда.

Осымен бірге, Министрлікпен шағын және микрокәсіпкерлік субъектілеріне тексерулер мен профилактикалық бақылау мен қадағалауды

жүргізуге мораторий енгізілуіне байланысты, әлеуметтік шиеленіс тудыру ықтималдығы бар жұмыскерлердің шағымдары бойынша аталған кәсіпорындарда жоспардан тыс тексеру тағайындауға мүмкіндік беретін Алгоритм әзірленіп, жергілікті атқарушы органдарға жұмыста қолдану және тиісті іс-шараларды қабылдау үшін жолданды.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың наурызында Қазақстан Республикасы Үкімет отырысында, Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссиясының отырысында, сондай-ақ, апта сайынғы негізде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановтың төрағалығымен өтетін жиналыста еңбек жанжалдарын болдырмау бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың жұмыстары тыңдалатын болады.

Кәсіпорындарда еңбек заңнамасының бұзылуына жол бермеу, жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қорғау Министрліктің және жергілікті атқарушы органдардың тұрақты бақылауында.

Министр

С. Шәпкенов